# Биологияны оқытуда инновациялық модульдердің қолдану ерекшеліктері



# Зерттеу мақсатым

*1.Биологияны оқытуда инновациялық модульдерді пайдалану арқылы жан-жақты білімді әрі адамгершілігі мол азаматтарды тәрбиелеп шығару.*

*2. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, жаңа ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде инновациялық модульдерді пайдаланып оқытудың маңыздылығын көрсету.*

*3.Ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу*

***Инновация***

Ағылшын тілінен аударғанда жүйе ішіндегі өзгерістер деген мағынаны білдіреді.Құрал мен үрдіс ретінде инновация қандай да бір жаңалық енгізу деген мағынаны білдіреді.Педагогикалық үрдіске қатысты инновацияны оның мақсатына, мақсатына,мазмұнына,оқыту әдістері мен формаларына, мұғалім мен оқушының біріккен іс-әрекетін ұйымдастыруға жаңалық енгізу деп анықтауға болады.

## Инновациялық технология – бұл жаңашылдыққа негізделген технология.

-оқу-әдістемелік әдебиеттер мен материалдарды тиімді пайдалануына жағдай туғызады;

– түйінді-ізденгіштік ойлау қабілетін дамытады;



– кәсіби білім-білікті терең үйренуге жол ашады

– болашақ кәсібі жөніндегі танымын қалыптастырады;

– ғылыми-зерттеушілікпен айналысу белсенділігін арттырады;

– алған білімін өзіндік бақылау мүмкіндігі кеңиді;

XXI ғасырда біздің еліміз ғаламдану және жаһандану процесіне көшуде.Осы процессті жандандырып дамытуда жас ұрпақтың білімі мен біліктілігі орасан зор роль атқарады.Жаңа заман талабына сай жаңашыл мұғалімдерге сапалы және инновациялық технологияларды меңгерту.Білім сапасын көтеруде инновациялық технологияларды дұрыс және сауатты қолдану жылдан жылға күрделі және өзекті мәселелеге айналуда. Оқыту барысында озық,тиімді технологиялар тәжірибеге енгізілуде.

Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез – құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді. Басты міндеті — қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалай білуге көмектесу, сындарлы ойлауға бағыттау.

***Бағдарлама жеті модульден тұрады:***



# *Жеті модуль*


Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдер.
Сыни тұрғыда ойлауға үйрету
Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау
Оқыту мен оқуда АКТ пайдалану
Талантты және дарынды балаларды оқыту
Оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес оқыту
Оқытуды басқару және көшбасшылық



1-модуль

# Оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдер

**Оқушыларға білім беруде жаңа тәсілдерді «Диалогты оқыту әдісі» және «Қалай оқу керектігін үйрету» туралы түсінік.**



**Оқушыларға қалай оқуды үйрету, сабақта берген білімді сабақтан тыс уақытта да қолдана білуіне жағдай жасау.**

Оқыту мен оқытудағы жаңа тәсілдердің ішінде диалогтық оқыту тәсілі де тиімділігін көрсетеді. Ол ұжымдық және өзара білім алмасуға жағдай туғызады. Бұл тәсілмен оқыту топпен әңгімелесу, сұхбаттасу, “миға шабуыл” логикалық сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асады.

| Диалог бойынша оқыту | |
|---|---|
| Тапсырманы орындауда сыни тұрғыдан ойлануды үйренеді. | Зерттеушілік әңгіме барысында бір-бірінің идеяларын талқылайды,баға береді,бірлескен түсінік қалыптасады |
| Өз идеясын ортаға салып,басқалардың пікірін тыңдайтын болады. | Топтық тапсырмаларда постірді орындауға белсене қатысатын болады. |
| Таланты мен дарындылығын анықтауда берілген тапсырмаларды жоғары деңгейде орындай алады. | Жоғарғы балл жинағандар арасында пресс-коонференция өткізгенде «көшбасшы» анықталады. |

2-модуль

# Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету

**Оқытуда оқушылардың және мұғалімдердің сыни тұрғыда ойлауын дамытатын түрлі стратегиялар мен әдіс түрлерін қолданудың тиімділігі туралы**



Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау. Өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау.



## 3-модуль

# Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау

**Бағалаудың түрлері туралы теориялық білім және бағалаудың әр түрлі формалары қамтылған**



# Бағалаудың түрлері:

-Суммативтік – қорытынды бағалар, экзамен, ҰБТ баллдары





-Формативтік бағал
оқыту үшін бағалау (смайлик, светофор т.б.)



4-модуль

# Оқыту мен оқуда АКТ пайдалану

**Оқытуда оқушылардың сандық сауаттылықтарын арттыру, жаңа технологиялар, компьютер, интернет т. б. жұмыс жасауға баулу**



АКТ мұғалімді ауыстырушы емес, мұғалім құралы болуы керек.
Бұл модуль бойынша АКТ тек мұғалім ғана емес оқушыда пайдалануы тиіс.





5-модуль

# Талантты және дарынды балаларды оқыту

**Талантты және дарынды оқушыны анықтау, оларды дамытатын тапсырмалардың т. б. қамтылуы, сабақтарда қолданылуының маңыздылығы**



## Талантты және дарынды балалардың ерекшеліктері

***ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТТЕРІ:*** өте жоғары, олар тек біліп қана қоймай, сонымен қатар сол ақпаратты пайдалана алады.

***ӨЗ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ:*** олар білім беру үдерісінің қалай жүретінін басқалардан гөрі жақсы біліп, өзінің оқуын реттей алады.

***ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІНІҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫ:*** олар жоспарлауға көп уақыт жұмсауы мүмкін, бірақ жоспардың жүзеге асуына тез қол жеткізеді.

***МӘСЕЛЕНІ ШЕШУ:*** олар ақпаратты толықтырып, олардың қайшылықтарын анықтап, мәніне тезірек жетеді.

***ИКЕМДІЛІК:*** басқаларға қарағанда ойлау қабілеттерінің жақсы ұйымдастырылғанына қарамастан, олар оқуда және проблamaларды шешуде балама шешімдерді көріп, қабылдай алады.

***КҮРДЕЛІЛІККЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК:*** қызығушылығын арттыру үшін олар күрделі ойын мен тапсырмаларға ұмтылады.

***ШОҒЫРЛАНУ:*** ерте жасынан бастап ерекше қабілеттерін ұзақ уақытқа шоғырлау қабілеттері бар.

***ЕРТЕ СИМВОЛДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК:*** олар ерте жасынан сөйлей, оқи және жаза бастайды.



**Дарынды балалармен жүргізілетін жұмыс жоспары**

**1.** Дарынды баланы іздеп табу және іріктеу.
**2.** Тереңдетілген бағдарлама бойынша оқыту.
**3.** Дарынды балалармен жүйелі түрде қосымша сабақтар өткізу.
**4.** Проблемалық оқыту әдістерін пайдалана отырып оқыту. Ізденіс жұмыстарын (реферат, баяндама, сөзжұмбақ, ребус, шығарма, өлең шығару т.б), өз бетінше ізденіп оқуды ұйымдастыру, дамыту.
**5.** Мектепішілік және аудандық, пәндік олимпиадаларға, конкурс- сайыстарға қатыстыру.
**6.** Жаңа педагогикалық технологияларды пайдалана отырып оқыту.





## 6-модуль

# Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай оқыту

**Оқу барысында сыныпта жасы кіші оқушыны анықтап, жас ерекшелігіне байланысты тапсырмаларды беру көзделген, оқушымен жекелей жұмыс жасау**



# Жас ерекшеліктеріне қарай тапсырмалар, материалдар, ресурстар дайындау

7-модуль

# Оқытудағы басқару және көшбасшылық

**Шағын топтарда жұмыс жасату арқылы көшбасшылықты анықтау, оқушыны көшбасшылыққа жетелеу, баланың көшбасшылығын көре білу, үлкен топтарға көшбасшылыққа ұмтылуға бағыттау және оқытуда мұғалімнің көшбасшылығы**



**Оқыту барысында әртүрлі топтардағы көшбасшыларды анықтау, қолдау көрету**

# Қорытынды

Қазақстанның білім беру мазмұны сөзсіз жаңа сатыға көтеріліп, алға қадам бастап келеді. Біліктілік пен шеберлігімізді ұштастырып, жас ұрпақты әлемді мойындататын рухани биікке көтеру біздердің міндетіміз. Қазіргі заман мұғалімі заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгергенде ғана білігі мен білімі жоғары, жетекші тұлға ретінде болатыны анық.

Қорытындылай келе, биологияны оқытуда инновациялық модульдерді сапалы қолдана алсақ, оқушыларымыз сыни ойлай алатын, білімге құштар, алған білімдерін талдап, жинақтап, практикада қолдана алатын нағыз көшбасшы тәрбиелейтіндігіміз сөзсіз!

# Қорытынды

- Инновациялық технологиялар (компьютерлік, модульдік оқыту) арқылы оқу мазмұнын меңгерту және кәсіби құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталған авторлық бағдарламаны жүзеге асыру барысында танымдық қызығушылық деңгейі 52 %, жаңа технологияларды таңдау көрсеткіші 48 %, білім сапасы 20 % артқандығын көруге болады. Нәтижесінде білім сапасы 72 %, құрады.
- Нәтижелерді қорытындылай келе мынадай тұжырымға келдік: оқытудың инновациялық әдістерін пайдалану арқылы оқу үрдісінің тиімділігі артады.